

А И Қ Ы Н

Қирабаев қағидасы



Академик Серік Қирабаев – 90 жаста

Зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше, Нобель сыйлығын алған ғалымдар мен академиктер басқаларға қарағанда ұзақ өмір сүреді. Әзірге Нобель сыйлығын алған қазақ жоқ, сондықтан біріншісі жөнінде ештеңе айта алмаймыз, ал екіншісінің дәлме-дәл айтылғанын Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының жиналысына бас сұққан адам бірден аңғарады. Кілең ақ басты маңғаз мінезді академиктердің алдының жасы 90-нан, артының жасы 80-нен асады. Ұлттық академия мүшелері еліміздің интеллектуалды элитасы саналады. Ұлттық академия мүшесі болу – бұл оқымыстының көпшілік мойындаған ең жоғары мәртебесі, ғылымға қосқан үлесінің, мансабының нәтижесі. Яғни, адам денсаулығы оның интеллектісіне де байланысты болғаны ғой. Жалпы, ғалымдар кітапты көп оқитын, мерзімді басылымдарды шолып шыққанды ұнататын адамдар ештеңе оқымайтын адамдармен салыстырғанда біршама ұзақ жасайтынын анықтаған. Академик ақсақалдар мен академик әжелеріміздің әлі күнге ойы тың, бойы сергек болып келе жатқанын олардың интеллектісінің жоғары болуымен байланыстырамыз. Мәселен, Серік Қирабаев пен Әлия Бейсенова, Әбдуәли Қайдар, Шора Сарыбаев, Рәбиға Сыздықова, Сұлтан Сартаев, Уахит Шалекенов, Өмірзақ Айтбаев, т.б. секілді академиктерімізге қараңызшы, елге қай жағынан болсын үлгі етуге болады. Ақылды адамдар зиянды әдеттерден аулақ жүреді, қашан да салауатты өмір сүру салтын ұстанады. Яғни, бұл болашақта бүкіл ел тұрғындарының элиталық топ секілді өмір жасын ұзарту мүмкіндігі барын көрсетеді.

Академиктердің мағыналы өмір сүріп, ұзақ жасайтындығын бекерге айтып отырған жоқпыз. Оған себеп бар. Бір шаңырақтағы қос академик – қазіргі қазақ әдебиеті ғылымының көш басында тұрған ғұлама ғалым, академик Серік Қирабаев наурыздың 23-інде 90 жасқа толса, наурыздың 25-інде академик Әлия Бейсенова 85 жасқа толады. Екеуінің де тұрмыстағы және шығармашылықтағы өмір жолдары кім-кімге де үлкен өнеге боларлықтай мағыналы.

Абай атындағы ҚазПИ-де студент болып жүргенімізде, академик Серік Қирабаев бізге «Қазақ совет әдебиетінен» сабақ берді. Мінезі де, тіпті дауыс ырғағы да бір қалыптан айнымайтын, күлуді айтасыз, жымиюының өзі сирек кездесетін, артық-ауыс қимылы жоқ ұстазымыздың ұстамдылығына таңғалатынбыз. Қашан көрсең де, костюмінің барлық түймесі салулы, галстугі тас-түйін байлаулы болатын. Жүріс-тұрысының бәрі қатаң тәртіпке бағынған, алдын ала өлшеніп, кесіліп-пішіліп қойылғандай еді. Алып-ұшып тұратын алақұйын жастық шақта академиктің әдебі кейбір студенттер үшін іш пысытарлықтай көрінетін, бойын да, ойын да биік ұстайтын қатаң мінезді Қирабаев қағидасы өмірлік өнеге екенін өзіміз де кешірек пайымдадық десек болады.

Бір шаңырақта бас қосқан қос академик бір шаңырақта қызмет етті. Ол – Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қара шаңырағы – қарт ҚазПИ. Қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ. Қос академик те небір дүлдүл өнерпаздар туып-өскен Жаңарқаның тумалары. Жаңарқа – Созақпен шектеседі. Екеуі екі облыстың құрамында болғанмен, ілгеріде төсекте басы, төскейде малы қосылып, ауылы аралас-құралас жатқан елдер. 1998 жылы Созақтағы Қара Бура әулиенің кесенесі алғаш ашылғанда, Созақ – менің атамекенім деп, Әлия апамыз көсіле сөйлеген. Бірі – әдебиеттану ғылымын, бірі жаратылыстану ғылымын таңдаған қос академик өз салаларының майын ішкен майталмандар, аталған ғылымның көш басында жүргендер. Артынан ерген, ізін басқан ғалымдардың бәрі екеуіне қарап бой түзейді, ой түзейді. Бірінің қазақ әдебиетінің түп-төркінін зерттеген, бірінің физикалық географиясын, жер-су атауларына байланысты еңбектерін басшылыққа алып отырады. Өмірде жұптары жазылмаған қос зиялының мүшелтойларына байланысты салтанатты шаралар ылғи да бірге өтеді, биыл да солай болары анық.

Кезінде Ғылым академиясы тарап кетіп, қоғамдық негізде қайта құрылғанда, Серік Қирабаев ренішін білдіріп, Жазушылар, Суретшілер, Композиторлар одақтары секілді

академияның да қазіргі хал-ахуалы мәз еместігін айтып, дабыл қаққан, бұл – біздің ұлттық мәдениетіміздің күйреуі деп еді. «Ұлттың болашағы, білімі мен ғылымы, мәдениеті үшін бұл орны толмас олқылық деп ойлаймын. Ерте ме, кеш пе, түбі біз осы кемшіліктерді түзеуге ораламыз» деп айтқаны есте. Бір кезде ең табысты адамдар – академиктер болыпты. Айына мың сомнан асырып алған. Ол тұста Орталық комитеттің хатшысы 500 сом алатын. Қазір ғылым саласында жүрген ғалымдар арзымайтын жалақы алатыны біз айтпасак та белгілі. Жас ұрпақтың ғылымға келуден қашатыны қазір де тоқсандағы академиктің қабырғасын қайыстырады.

Көркем әдебиеттің табиғатын жастайынан-ақ жете танып өскен Серік Смайылұлы – әдебиетке ерте араласқан адам. Жоғары курста оқып жүрген кезде әдеби сынға араласып, мақалалар жазып жүріпті. Жазушылар одағында баяндамалар жасаған. «Жұлдыз» журналының бас редакторы Қайнекей Жармағамбетов Айқын Нұрқатов екеуін сын жазуға тәрбиелейді. Ендігі кезекте біз академиктің шығармашылығын жетік білетін ғалымдардың толғамына кезек берейік.

«С.Қирабаевты сыншы әрі әдебиеттанушы ретінде алғаш танытқан – «Ғабиден Мұстафин» атты монографиясы. Бұл еңбегінде ол көрнекті прозашымыздың шығармашылық портретін алғаш рет әр қырынан ашып, талдап берді. Көп ұзамай-ақ, осы еңбегі 1957 жылы орыс тілінде кітап болып шықты. Ғалымның «Спандияр Көбеевтің әдеби қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағаны да сол жылы. С.Қирабаевтың есімін көпке танытқан факторлар – тынымсыз еңбек пен сыншылық талант. Оған дейін орта мектептің жоғары сыныптарына арналған қазақ әдебиеті оқулықтарының авторы ретінде көрініп келген жас әдебиетшінің есімі аталған кандидаттық диссертациядан кейін оқырман жұртшылыққа тіпті кеңінен таныла бастады. «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясы кейін оның докторлық қорғауына алғышарт жасады. Осы қорғау С.Қирабаевтың өміріндегі елеулі кезеңдердің бірі еді. Шынын айтқанда, бұл оқиға тек ғалымның ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының да үлкен жеңісі болатын.

Сыншы, әдебиеттанушы және ұстаз ретінде бағаланып жүрген мүшелтой иесінің тағы бір шығармашылық қыры жайында көп айтыла бермейді. Өйткені қаламгердің бұл қасиетінің анық байқалған кезеңі сонау жас шағында болған еді. С.Қирабаев жас шағында қаламы ұшқыр журналист ретінде таныла білді. Абай атындағы педагогтік институттың студенті болып жүрген кезінен-ақ, 1940 жылдардың аяқ шенінен бастап мақалалары баспасөз беттерінде жиі көрініп отырды. Қазақ мемлекеттік баспасында, республикалық «Пионер» (1952-1955 ж.ж.) журналының, «Социалистік Қазақстан» (1955-1958 ж.ж.) газетінің редакцияларында, бас-аяғы он жылдай уақыт журналистика саласында жұмыс жасаған. Өзінің «Өмір тағылымдары» мемуарлық еңбегінде айтқандай, баспасөз үлкен шығармашылық мектеп болған. Ендеше, С.Қирабаевты журналист ретінде де бағалай білгеніміз абзал», – дейді академиктің шәкірті, филология ғылымдарының докторы, жазушы Нұрдәулет Ақыш.

Академиктің ізін басып келе жатқан тағы бір шәкірті, ҰҒА-ның мүше-корреспонденті Дихан Қамзабекұлы болса, «С.Қирабаевтың тұлғасы халыққа қазақ әдебиеті оқулығының авторы ретінде де аса ыстық. Оқулық – бала көзқарасын қалыптастырушы, оқулық – жаны ақ парақ бала мен ғылымның арасындағы дәнекер. Бұл орайда Серік Смайылұлы А.Байтұрсынұлы бастаған отандық оқулық жазу ісіне табанды түрде еңбек сіңіргенін айтқан лазым. 1952 жылдан бері жарты ғасыр үзіліссіз мектепке, жоғары оқу орындарына қазақ әдебиеті бойынша оқулық пен оқу құралдарын жазып келеді десек, біреу сенер, біреу сенбес. Бірақ көргенде оған көзі анық жетер. Елу жылда миллиондаған қазақ баласы мектеп көрді. Солардың ішінен мыңдаған жазушы, сан мыңдаған мұғалім шықты. Осылардың бәрі – Секең сияқты оқулық авторларының шәкірті десек, қателесеміз бе?

Біреу жас болып, біреу қаймана болып оқулық авторының кім екеніне кезінде назар аударған жоқ шығар. Бірақ бұған қарап, бұл азаматтардың рухани әлемі толықпады дей алмаспыз. Сондай-ақ оларға С.Қирабаевтай оқулық авторы ғалымдардың да нағыз ұстаз болғанын ешкім теріс демес. Секеңді жақсы әрі жақын танитын шәкірттері біледі, ол кісі ешқашан «мен түгенді бітірдім, мынаны орындап тастадым» деп кеудесін соқпайды», – дейді.

ҰҒА-ның академигі Сейіт Қасқабасов «Тәуелсіздік Серік Қирабаевтың екінші тынысын ашты. Оның және академик Зәке Ахметовтың басшылығымен Абайдың 150 жылдығы қарсаңында ұлы ақынның 2 томдық академиялық жинағы дайындалып, 1995 жылы жарық көрді. Бұл еңбек өте жоғары бағаланып, академик Серік Қирабаевқа бір топ ғалымдармен бірге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Академик Серік Қирабаевтың ғалымдық қарымы мен таланты, жаңашылдығы мен ізденімпаздығы, шебер ұйымдастырушылығы, әсіресе, жаңадан жазылған 10 томнан тұратын академиялық, «Қазақ әдебиетінің тарихын» жазу үстінде жарқырап көрінді. Ол 10 томдықтың бас редакциясының төрағасы болып, барлық томдардың дұрыс әрі уақтылы шығуына тікелей араласты және 7, 8, 9 томдарға өзі басшылық етті әрі осы үш томдағы негізгі бөлімдер мен тарауларды өзі жазды. Сөйтіп, бұл томдарға тұңғыш рет Алаш ақын-жазушылары толық еніп, олардың шығармашылығы талданды, сараланды, сонымен бірге, Совет кезінде жазған қаламгерлердің шығармалары жаңаша қаралып, жаңаша бағаланды. Шынын айту керек, мұндай әдебиет тарихына арналған іргелі зерттеу ол кезде ешбір Республикада жүзеге асқан жоқ» деп бағалайды.

Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаевтың осынша атақ-даңқына қарамастан, ғалым күнделікті өмірде адал да қарапайым, еңбекқор да кішіпейіл жан екенін оның қасында жүргендер әрдайым айтып отырады.

Бұл күнде тоқсан деген торқалы жасқа келіп отырса да, шаршамай-шалдықпай, әдеби процестен бөлек, қоғамдық ойға да қозғау салып, белсенділік танытып жүретін академиктің өткен өмірі де, бүгінгі әдемі қартайған абыздық тұлғасы да – тұнып тұрған өнеге.

Төреғали ТӘШЕН